

## Шығындарды өтеу туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының № 217 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 сәуірде № 2588 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 100 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 27.12.2023 № 100 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мұгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Зандарына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Мұгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша Үйде оқытуға жұмсаған шығындар әр мұгедек балаға тоқсан сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) Үйде оқытылатын мұгедек балаларға шығындарды өтеу (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мұгедек балалар және оларға қатысты ата-анасының ата-ана құқығынан айырылған мұгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне және мұгедек баланың басқа занды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;

2) шығындарды өтеу өтініш білдірген айдан бастап "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) шығындарды өтеу қаржыландырудың түсінен байланысты өткен айға жүргізіледі. Шығындарды өтеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда ( мұгедек баланың 18 жасқа толуы, мұгедек баланың қайтыс болуы, мұгедектікі алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXVIII сессия төрағасы,

қалалық мәслихаттың хатшысы

З. Оспанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК